


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-декабрь 2022 г.



177,9
МЛРД ТГ



106%
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$81
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 91%
ОТП 9%




РЫНОК

\$2 703,8
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-ноябрь 2022 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2022 ж. қаңтар-желтоқсандағы жеңіл өнеркәсіп

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда жеңіл өнеркәсіп **өнімі өндірісінің көлемі** 177,9 млрд теңгені құрады, бұл номиналды көріністе 2021 жылғы осы кезеңнен 27,1% жоғары. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық кіші салаларында байқалады. Текстиль бұйымдары өндірісінде (+35,1%), киім өндірісінде (+18,3%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+16,6%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлемінің индексі** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 106% құрады. ФКИ өсуі барлық кіші салаларда байқалады. Текстиль бұйымдары өндірісінде (105,3%) киім өндірісінде (107,8%) былғары және оған жататын өнім өндірісінде (103,7%).

Текстиль өнімі өндірісінде (+5,3%): төмендегі тоқыма өнеркәсібі тауарлары бойынша ең жоғары өсу болды: төсек жабдығы *2,6 есе*, түкті маталар және арнайы маталар *70,1%*, қалдықтарды қоспағанда арқан-жіп бұйымдары, арқандар, шпагат және торлар *46,4%*, жасанды және штапель талшықтардан маталар (арнайы маталардан басқа), *27,1%*.

Киім өндірісінде (+7,8%): осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғары өсу байқалады: былғарыдан немесе композициялық былғарыдан жасалған киім *6,6 есе*, әйелдерге немесе қыз балаларға арналған жакет және блейзерлер, пиджактар, трикотаждан басқа пиджак сияқты курткалар *2,3 есе*, әйелдер жұмыс киімі *2,3 есе*, шұлық бұйымдары және трикотаж аяқ киім *96,8%*, ерлерге немесе ұл балаларға арналған пиджак және блейзер, жакеттер, трикотаждан басқа пиджак сияқты курткалар *79,4%*, трикотаж мақта-мата немесе химия талшықтардан жасалған жұмсақ немесе тік жағалы жеңіл джемперлер және пуловерлер *78,5%*, трикотаждан басқа ішкі киім *71%*.

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+3,7%): ең жоғарғы өсу төмендегі тауарларда болды: спорт аяқ киімінен басқа үстіңгі жағы текстиль материалдардан жасалған аяқ киім *49,3 есе*, қой, ешкі немесе шошқа терісінен жасалған түксіз былғары *2,7 есе*, үстіңгі жағы резеңке су өткізбейтін аяқ киім *2,5 есе*, түксіз ірі қара немесе жылқы терісінен жасалған былғары *28%*, спорттық аяқ киімнен басқа, үстіңгі жағы былғарыдан жасалған аяқ киім, тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киім және әртүрлі үлгідегі арнайы аяқ киім *25,3%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **экспорт көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қарашада 81 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2021 жылғы осы кезеңнен 9,9% жоғары. Экспорттың өсуі текстиль бұйымдары тауарларында *1,6%*, киім тауарларында *75,6%* байқалады. Алайда, экспорт жеткізулердің қысқаруы дымқыл күйдегі ірі қара мал терісінен иленген былғары немесе қыртыстық былғары жеткізулердің *25,6%* төмендеуіне байланысты былғары тауарлар мен оған жататын өнімдерде *25,2%*, резеңкеден немесе пластмассадан жасалған табанды аяқ киім *63,6%*, табаны резеңкеден, пластмассадан, табиғи немесе

композициялық былғарыдан жасалған, үстіңгі жағы табиғи былғарыдан жасалған басқа да аяқ киім 5% байқалады.

Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Түркия.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қарашада 2 703,8 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, осы кезеңмен салыстырғанда 33,2% жоғары.

Импорт жеткізулердің өсуі дайын киім тауарлары бойынша 81,2%, текстиль бұйымдары бойынша 6,5% байқалады. Бұл фактор сатып алу қабілетінің артуына байланысты. Алайда, былғары және оған жататын өнімдерде импорттың 8,8% төмендеуі байқалады. Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2022 жылғы қаңтар-қарашада ҚР **жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі** 2,9 млрд АҚШ долл. (1 361,6 млрд теңге) құрады, онда, ОТӨ үлесі 9%, импорт өнім үлесі 91% құрайды.

Сала бес өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент және Алматы қ., Түркістан, Алматы және Ақмола облыстары.

Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінің 19,6% жуығын құрайды. Түркістан облысында – 18,2%, Алматы қ. 9,5% жуық, Алматы облысы – 6,4% және Ақмола облысы – 6,2%.